

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 қарашадағы N 1389 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 тамыздағы N 821 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.25. 419 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.25. 419 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялаудың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 қарашадағы N 1389 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 39, 490-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия қосымшасымен бірге беріледі.

Лицензияға қосымшада бағалауды Лицензиат жүзеге асыруға құқылы мүліктердің түрлері көрсетіледі, атап айтқанда:

1) мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) және/немесе,

2) зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау.

Қосымшасында "мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда)" көрсетілген лицензияның негізінде жылжымайтын мүлікті (мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынды қоспағанда) бағалау, жылжымалы мүлікті (ақша мен бағалы қағаздарды қоспағанда) бағалау жүзеге асырылады.

Қосымшасында "зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау" көрсетілген лицензияның негізінде зияткерлік меншік құқығы объектілерін, материалдық емес активтердің құнын бағалау жүзеге асырылады.

Қосымшасында 1) және 2) тармақшаларға сәйкес мүліктің түрлері көрсетілген лицензияның негізінде жылжымайтын мүлікті бағалау, жылжымалы мүлікті бағалау, бағалы қағаздарды, заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы

жарналарды, үлестерді (салымдарды) бағалау, зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын бағалау, сондай-ақ мүлік кешені ретіндегі кәсіпорынды бағалау жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия қолданылуы шектеусіз мерзімге беріледі және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Лицензия мен қосымшасының бланкілері қатаң есептегі бланкілер болып табылады, олардың тіркеу нөмірі болады.";

6-тармақта "лицензиялар" деген сөзден кейін "мен қосымшалары" деген сөздермен толықтырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жеке адамның бағалауды жүргізуге қатысқанын не оны еңбек өтілінің бір жылында кемінде төрт рет жүзеге асырғанын растайтын құжаттарды.

Қосымшасында "зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау" көрсетілген лицензияны алуға үміткер өтініш берушілер үшін бағалауды жүргізуге қатысқанын не оны еңбек өтілінің екі жылында кемінде төрт рет жүзеге асырғанын растайтын құжаттарды;"

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Осы Ережеде көрсетілген мүліктің түрлері бойынша қойылатын біліктілік талаптарына жауап беретін Лицензиаттарға мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беріледі.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Мүлікті бағалауға лицензиясы бар адамдар лицензияға қосымшаға толықтырулар енгізу туралы өтінішпен жүгіне алады.

Жеке тұлғалар лицензияға қосымшаға толықтырулар енгізу туралы өтінішке осы Ереженің 8-тармағының 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса береді, заңды тұлғалар осы Ереженің 9-тармағының 5), 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса береді.

Лицензияға бұрын берілген қосымша қайтарылуы тиіс.

Лицензияға қосымшаға толықтырулар енгізу туралы өтініш лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде қаралады.";

20 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Тиісті мамандандырулар бойынша" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Бағалау" мамандығы бойынша жоғары білімінің, мамандығы бойынша 1

жылдық жұмыс тәжірибесінің болуы немесе,

2) жоғары экономикалық және/немесе техникалық және/немесе заңгерлік білімінің, мүлікті бағалау саласында 2 жылдық жұмыс тәжірибесінің болуы, сондай-ақ өтініш беруші жүзеге асыруға үміттеніп отырған мүлікті бағалаудың сол түрлері бойынша арнайы дайындықтан өтуі біліктілік талаптары қойылады.";

3) тармақша алынып тасталсын;
ескерту алынып тасталсын;
21-тармақ алынып тасталсын;

2 2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлға оның штатында мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар не мүлікті бағалауға лицензия алу үшін біліктілік талаптарына жауап беретін, осы заңды тұлға оның негізгі жұмыс орны болып табылатын кемінде бір қызметкері болған кезде мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия ала алады.";

үшінші абзацта "құрамы өзгерген кезде" деген сөзден кейін "бір ай мерзімде" деген сөздермен толықтырылсын, "Лицензиарға" деген сөзден кейін " куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып," деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Тізімде көрсетілген адамдардың құрамы өзгерген кезде Лицензиат Лицензиарға заңды тұлғаның атынан мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың бұрын берілген тізімінің түпнұсқасын қайтаруы тиіс.";

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) ашылған жағдайда Лицензиат бір айдың ішінде бұл туралы филиалдың мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қызметкерлерін көрсете отырып Лицензиарға хабарлайды.";

24-тармақтың 2) тармақшасында "жеке адам болып табылатын" деген сөздер алынып тасталсын;

27-тармақ 3) тармақшадағы "шешім шығаруға" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) өз құзыреті шегінде Лицензиаттан ақпарат сұратуға құқығы бар.";

Ережеге 1, 2 және 3-қосымшалар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК